

Бекітемін
№29 «Ай-Керім» бөбекжай
бақшасының меңгерушісі:
Мүсір К.К. Сейдалиева

Ұйымдастырылған ашық іс әрекеті

«Көңілді ойын, ойнайық»



15.11.2022ж.

«Балдырған» ортаңғы топ

Тәрбиеші: А.А. Дүкенбаева

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет.

Тобы: «Балдырған» ортаңғы топ

Білім бағыты: -Физикалық дамыту;

-Коммуникативтік дағдыларын дамыту;

-Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;

-Шығармашылық дағдыларын, зертеу іс-әрекетін дамыту;

-Әлеуметтік – эмоционалды дағдыларын қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Өтілетін күні: 15.11.2022ж

Тақырыбы: «Көңілді ойын, ойнайық»

Мақсаты: Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру, Балалардың ой-өрісін кеңейту. Балаларды ойын-әрекет арқылы логикалық ойлау қабілетін дамытып, сөздік қорын молайту.

Міндеті: Балаларды ойын арқылы әрекеті арқылы тілін дамыту, ойын арқылы көңіл-күйін көтеру. Берілген тапсырманы өз бетінше орындап, жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу. Топпен жұмыс істеуге, ұғымталдыққа әдептілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Аю, Маша, ойыншықтар таратпа құралдар.

Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, сұрақ-жауап, дамытушы ойындар.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	Тілек шеңбері: -Балалар қарандаршы бүгінгі күн біз үшін ерекше болмақ, бізге қонақтар келді. Кәне, қонақтармен сәлемдесейікші: Бала –бала баламыз, . . . Бақшамызға барамыз. Көп қызықты білімді, Балабақшадан аламыз. Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз. Сәлем беріп, баршаға. Құрметпен бас иеміз. - Сендердің көңіл- күйлерін қалай? Ғажайып сәт: Қоян мен аюдың кіруімен ғажайып сәт ұйымдастыру. Музыка әунімен қоян мен аю кіріп келеді.	-Сәлеметсіздер ме? Балалар өлеңді әндете айта отырып, іс-қимылмен көрсетті.
Ұйымдастыру-ізденушілік	Балалар қоян мен аюмен сәлемдесейікші? - Ой балалар қарандаршы Аюдың қолында көптеген түрлі- түсті шарлар бар екен. Аю: Балалар мен сендерге құралақан келген жоқпын өзіммен ойын ала келдым. -Менімен ойын ойнайсыңдарма? Ойын: «Кім тапқыр?»	Сәлеметсізбе! әрине



Қызыл, көк, сары
т.б

Аю: Балалар менің қолымдағы түрлі-түсті шарларды көрдіңдерме олардың түстерін ажырата білесіңдерме?

Балалар машадан сұрайды?

-Жарайсындар балалар!

-Сендер түстерді біледі екенсіңдер.

- Ой балалар сендер аюмен ойын ойнап жатқанда машаның көңіл- күйі түсіп кетті.

-Балалар машадан сұрайықшы неге көңіл-күйі жоқ екен?

-Машажан сенің неге көңіл-күйің жоқ?

Балалар іс-қимылмен ойнайды.

Маша: Балалар сендер аюмен ойын ойнап кетіндер ал менімен ойын ойнамадыңдар. Ал мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр.

Балалар сергіту сәтін орындайды.

Қ/о «Түсіне қарай ажырат».

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрайық

Қолды алға созайық.

Бір отырып, бір тұрып

Орнымызды табайық.

Маша: Ой балалар мен сендермен ойын ойнап көңіл –күйім көтеріліп қалдығой.

Маша енді сен біздің балалар мен ойын ойнағын келеме?

Балалар ойынды бірлесе ойнайды.

Маша: Әрине ойын ойнағым келеді:

Д/о «Қуыршақтың ойыншығын топ»

-Жарайсындар балалар! сендермен ойын ойнаған қандай көңілді.

Әрине

Аю: Балалар сендер мен туралы тақпақ білесіңдерме?

Аю: Кәне балалар айтып беріндерші!

Қорбандаған аюдың

Құлпынайы көп екен

Теріп, теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

Балалар тақпақты іс-қимылмен айтып береды.

Ұзын құлақ сұр қоян,

Естіп қалып, сыбдырды.

Ойлы қырлы жерлермен,

Ытқып, ытқып секірді.

Аю: Жарайсындар балалар сендер өте ақылды екенсіңдер.

Тәрбиешімен бірлесіп тақпақ айтады.

Маша: Ой балалар мұнда не бар екен?

- Маша бұл біздің шығармашылық алаң бұл жерде біздің балалар жұмыс жасайды.

-Балалар кәне шығармашылық алаңға барып екі топқа бөлінеміз.

1.топ Машаның орамалын жасаймыз.

2.топ Аюдың құлпынайын құрастырамыз.

Аюдың тобындағы балалар машаның

Шығармашылық алаңға барып, 1топ машаның орамалын жасайды. 2топ

	орамалын жасайды. Ал машинаның тобындағы балалар күлпынайды жасап береді. -Жарайсындар балалар!	аюдык күлпынайын кұрастырамыз.
Жетекші жөндеуші	- Балалар бүгін ҰОІӨ ұнадыма? - Балалар бізге қонаққа нелер келді? - Аюмен, қоянмен бірге не жасадық? Кәне балалар тақпақ айтып қонақтармен қоштасайық. Қол ұстасып тұрайық, Шеңберді біз құрайық. Көріскенше күн жақсы, Сау –саламат болайық.	Өрине Аю, Қоян Ойын ойнадық

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Түстерді, дөңгелектерді ажырата біледі.

Қалыптасқан түсініктер: Дөңгелек арқылы түстерді, ойын арқылы топтастырады.

Орындаушылық қабілеті: Ұқыпты жұмыс жасайды.